

**"Балқаш аудандық жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы**

Күшін жойған

Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 06 мамырдағы № 61 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 04 маусымда № 3186 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 26 қыркүйектегі № 145 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 26.09.2016 № 145 қаулысымен.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Балқаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Балқаш аудандық жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі (бұдан әрі - Ереже) осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Манат Ришат Манатұлына жүктелсін.
3. Аудан әкімі аппаратының басшысы Манат Ришат Манатұлына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудан әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Жүнісов

Балқаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 6 мамырдағы "Балқаш аудандық жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 61 қаулысымен бекітілген қосымша

"Балқаш аудандық жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Балқаш аудандық жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) ауданның автомобиль жолдары және жол қызметі аясындағы мемлекеттік саясатты іске асыру салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Бөлім егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 040300, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылы, Қонаев көшесі, № 75.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - "Балқаш аудандық жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлім қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерінен жүзеге асырылады.

12. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру

құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Бөлімнің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Бөлімнің миссиясы: жолаушылар көлігі, автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету саласында аудандық деңгейде бірыңғай саясат жүргізеді және үйлестіру, реттеу, бақылау бойынша жүктелген негізгі міндеттер мен функцияларды жүзеге асырады.

14. Міндеттері:

- 1) көліктің барлық түрімен жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру;
- 2) аудандық деңгейдегі жолдардың құрылысы, жөнделуі және ұсталуы бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

15. Функциялары:

- 1) өзінің өкілеттігі шеңберінде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары дамуының басым бағдарламаларын жүзеге асыру;
 - 2) ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының жағдайын талдау мен болжамдар жасауға, Бөлімнің құзіретіне кіретін мәселелер бойынша инвестициялық бағдарламалар жасауға қатысу;
 - 3) Бөлімнің құзіретіне кіретін мәселелер бойынша аудан әкімдігінің отырыстарына материалдар даярлауға қатысу;
 - 4) жолаушылар мен багажды тұрақты ауылдық, ауданішілік тасымалдауларды ұйымдастырады, олардың маршруттарын бекітеді, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар ұйымдастырады және өткізеді, маршруттар бойынша жүру кестелерін бекітеді;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жол қызметін қаржыландыруға арналған қаржыны пайдаланудың тәртібін анықтау және олардың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету;
 - 6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының құрылысы, реконструкциялау, жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.
- Көлік инфрақұрылымын дамыту саласында мемлекеттік сатып алудың ортақ ұйымдастырушысы болып, автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- 7) аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары торабын басқару;
 - 8) аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының құрылысы, қайта жаңарту,

жөндеу және күтіп ұстау бойынша жұмыстарды жүргізу барысында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

9) жолаушылар мен багажды тұрақты ауылдық, ауданішілік автомобильмен тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізу;

10) аудан аумағындағы елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат беру;

11) ауданның коммуналдық меншігіндегі жолдарды және жол кәсіпорындарын басқару;

12) өз құзіреті шегінде ауданның коммуналдық меншігіндегі мүліктерге иелік етуге, пайдалануға және билік жүргізу;

13) көлік және жол шаруашылығының дамуын жақсарту бойынша ұсыныстар мен шешімдер дайындауға қатысу;

14) жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастыру;

15) ауылдық, ауданішілік қатынастарда әлеуметтік мәні бар жолаушылар тасымалдауларын жүзеге асыру кезіндегі тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялауды жүзеге асыру;

15. Құқықтары мен міндеттері:

1) жергілікті атқарушы органдардан, комитеттер мен басқармалардан, ведомстволық бағыныштылығы мен меншік түріне қарамастан аудан аумағында орналасқан кәсіпорындар мен ұйымдардан Бөлімге жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті ақпараттарды сұрауға және алуға;

2) міндеттерді жүзеге асыруға байланысты шешімін табу облыстық және республикалық деңгейде қамтамасыз етілетін ұсыныстарды жоғары тұрған органдардың қарауына енгізуге;

3) аудан әкіміне және аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына Бөлімнің жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге;

4) заңнамаға сәйкес Бөлімге жүктелген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруға.

3. Бөлімнің қызметін ұйымдастыру

16. Бөлім басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

17. Бөлімнің бірінші басшысын аудан әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

18. Бөлімнің бірінші басшысының орынбасарлары жоқ.

19. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Бөлім қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

- 2) Бөлім қызметкерлері арасында функционалдық міндеттер мен өкілеттіліктердің бөлінісін жүзеге асырады;
 - 3) Бөлім қызметкерлеріне заңнамаларда белгіленген тәртіппен көтермелеу қолданады және тәртіптік жаза қолданады;
 - 4) Бөлім қызметкерлеріне орындалуы міндетті бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды;
 - 5) заңнамаларға сәйкес мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдар алдында Бөлімнің мүддесін қорғайды;
 - 6) Бөлімде сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған іс-әрекеттерге шара қолданады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдауға дербес жауап береді;
 - 7) заңнамаларға сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.
- Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Бөлімнің мүлкі

20. Бөлімде заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлім, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату

23. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.